

1-БЛОК: География-Тарих

Бір дұрыс жауабы бар тапсырмалар

1. Азимут деп айтамыз

- A) көкжиек тұстарын табуды
- B) карта бойынша географиялық бойлықты анықтауды
- C) карта бойынша географиялық ендікті анықтауды
- D) картада жер бетіндегі объектілерді бейнелеуді
- E) берілген бағыт пен солтүстік бағыттың арасындағы бұрышты

2. 22 маусымда:

- A) $23^{\circ}30'$ о.е. күн сәулелері тік түседі
- B) жер осінің солтүстігі Күнге қарайды
- C) оңтүстік жарты шарда көктем басталады
- D) жер осінің оңтүстігі Күнге қарайды
- E) жазғы күн мен түн теңеседі

3. Табиғат кешенінің компоненті

- A) Жиһаз
- B) Шыны
- C) Ауа
- D) Мата
- E) Жүк

4. Атмосферадағы ылғалдың негізгі көзі

- A) батпақ
- B) өзен
- C) жер асты суы
- D) мұхит
- E) көл

5. Екі дүние бөлігінен тұратын материк

- A) Антарктида
- B) Африка
- C) Аустралия
- D) Еуразия
- E) Оңтүстік Америка

6. Оңтүстік Америка табиғатын зерттеп, алғашқы геологиялық картасын жасаған ғалым

- A) Ф. Дрейк
- B) Н.И. Вавилов
- C) А. Гумбольдт
- D) А.И. Воейков
- E) А. Веспучий

7. Қазақстандағы тұзға бай өңір

- A) Арал маңы
- B) Каспий маңы ойпаты
- C) Жем үстірті
- D) Нарын құлыны
- E) Бетпақдала

8. Қазақстандағы ағынды көл

- A) Алакөл
- B) Қорғалжын
- C) Жайсан
- D) Марқакөл
- E) Балқаш

9. Қазақстандағы сулы-батпақты-шөлді ландшафт

- A) Үстірт
- B) Наурызым
- C) Алакөл
- D) Қорғалжын
- E) Ақсу-Жабағылы

10. Ақсу-Жабағылы қорығы орналасқан

- A) Қоржынтау, Боралдай таулары
- B) Іле Алатауы
- C) Қазығұрт тауы
- D) Піскем және Өгем жоталары
- E) Талас Алатауы мен Өгем жотасы

11. Қазақстанда қанша ұлт өкілдері тұрады

- A) 150
- B) 40
- C) 50
- D) 20
- E) 130

12. Қазақстанның Ресеймен шекарасының ұзындығы (км)
- A) 13331
 - B) 2300
 - C) 1460
 - D) 12711
 - E) 7591
13. Ертiс пен Үлбi өзенiнiң түйiскен жерiнде орналасқан
- A) Зырян
 - B) Өскемен
 - C) Бұқтырма
 - D) Риддер
 - E) Семей
14. Шығыс Қазақстанның табиғат байлықтары
- A) су энергиясы мен жануарлар
 - B) түсті металл мен су энергиясы
 - C) қара металл мен күн энергиясы
 - D) агроклимат және жер
 - E) жер мен өсімдік
15. БҰҰ - ның штаб - пәтері орналасқан қала
- A) Вашингтон
 - B) Вена
 - C) Брюссель
 - D) Нью-Йорк
 - E) Лондон
16. Конституциялық монархия мемлекеті
- A) Оман
 - B) Кувейт
 - C) Катар
 - D) Жапония
 - E) Бахрейн
17. АҚШ-ғы ең алғашқы трансконтиненттік теміржол арқылы байланыс орнатқан аймақтар:
- A) солтүстік батыс-оңтүстік
 - B) батыс-оңтүстік
 - C) шығыс-оңтүстік
 - D) солтүстік-оңтүстік
 - E) батыс-шығыс

18. Жапонияның Токайдо мегаполисі орналасқан аралы

- A) Сикоку
- B) Хонсю
- C) Хоккайдо
- D) Окинава
- E) Кюсю

19. Ресей Федерациясының аумағы

- A) 17,1 млн км²
- B) 16,1 млн км²
- C) 17,9 млн км²
- D) 18,1 млн км²
- E) 18,7 млн км²

20. Жер бетінің күрт суы бастаған уақыты

- A) 200 мың жыл бұрын
- B) 30 мың жыл бұрын
- C) 40 мың жыл бұрын
- D) 13 мың жыл бұрын
- E) 100 мың жыл бұрын

21. Қаңлы мемлекетінің пайда болған уақыты, шекарасы туралы айтылатын тарихи дерек

- A) "Авеста"
- B) "Тарихи жазбалар"
- C) "Цянь хоньшу"
- D) "Қаңлы мемлекеті"
- E) "Қаңлы жылнамасы"

22. Сарматтардың абыз әйелдер жерленген қорымы

- A) Бәйте
- B) Шілікті
- C) Сынтас
- D) Аралтөбе
- E) Бесоба

23. 1217-1218 жылдары Хорезм шахы Мұхамед Текеш теңге соқтырған қала

- A) Отырар
- B) Суяб
- C) Шаш
- D) Тараз
- E) Иасы

24. Сәулет өнері өркендей бастады

- A) Қимақ мемлекетінде
- B) Қарахан мемлекетінде
- C) Әбілқайыр хандығында
- D) Қарлұқ мемлекетінде
- E) Қарақытай мемлекетінде

25. Орыс деректері бойынша Қасым ханның қайтыс болған жылы

- A) 1517 жыл
- B) 1519 жыл
- C) 1520 жыл
- D) 1518 жыл
- E) 1523 жыл

26. Атақты Орбұлақ шайқасына қатысқан арғынның батыры

- A) Наурызбай
- B) Көксерек
- C) Ағынтай
- D) Сарпың
- E) Жиёмбет

27. Тәуке хан Оңтүстік Қазақстандағы қалаларда өзінің билігін бекіту үшін келіссөз жүргізді

- A) Өзбек ханы Имамқұлмен
- B) Хиуа ханы Аллақұлмен
- C) Бұхар ханы Субханқұлмен
- D) Қоқан ханы Мұхаммедпен
- E) Қазақ ханы Тәуекелмен

28. Исатай батыр қаза тапқан шайқас

- A) Ақбұлақ
- B) Жиделі
- C) Теректікүм
- D) Нарын
- E) Тастөбе

29. Орыс шаруаларын Жетісуға қоныстандыру туралы жаңа ереже _____ ұсынысымен қабылданды

- A) Крыжановскийдің
- B) Веревкиннің
- C) Колпаковскийдің
- D) Рукиннің
- E) Перовскийдің

30. Салықтың тек ақшалай түрі енгізілді

- A) 1924 ж. наурыз
- B) 1924 ж. қаңтар
- C) 1921 ж. қаңтар
- D) 1921 ж. наурыз
- E) 1922 ж. қаңтар

31. 1919 жылы «Төңкеріс және қазақтар» деген мақаланы жазған қазақ зиялысы

- A) М.Жұмабаев
- B) Ә.Бөкейханов
- C) С.Сейфуллин
- D) А.Байтұрсынов
- E) М.Дулатов

32. 1930-1932 жылдары аштықтан, түрлі індеттерден халықтың ... пайызы қырылды

- A) 30
- B) 20
- C) 50
- D) 60
- E) 40

33. Қазақстанда жекешелендірудің I кезеңі аяқталды

- A) 1993 ж. соңы
- B) 1994 ж. басы
- C) 1995 ж. басы
- D) 1994 ж. соңы
- E) 1992 ж. соңы

34. Дүниежүзі қазақтарының тұңғыш құрылтайында сөз сөйледі

- A) Хасен Оралтай
- B) Аман Төлеев
- C) Мұстафа Шоқай
- D) Халифа Алтай
- E) Мұстафа Өзтүрік

35. «Саналы адам» қалыптасқан уақыт

- A) 70 мың жыл бұрын
- B) 100-35 мың жыл бұрын
- C) 1 млн жыл бұрын
- D) 500-200 мың жыл бұрын
- E) 40-35 мың жыл бұрын

36. «Азияның патшасы» атанған билеуші

- A) II Филипп
- B) III Дарий
- C) Ұлы Константин
- D) Юлий Цезарь
- E) Александр Македонский

37. «Майордом» сөзінің латынша мағынасы

- A) үйдің үлкені
- B) жер иесі
- C) үйдің кішісі
- D) патша
- E) қолбасшы

38. VII ғ. жартысында Болгар мемлекетінің негізін қалаған

- A) Мешко
- B) Аспарух
- C) Моймир
- D) Пшемислав
- E) Болеслав

39. Александр Македонскийдің өмір сүрген жылдары

- A) Б.з.б. 382-356 жж.
- B) Б.з.б. 356-323 жж.
- C) Б.з.б. 323-313 жж.
- D) Б.з.б. 452-436 жж.
- E) Б.з.б. 436-423 жж.

40. 1819 ж. Англияда лорд Ливерпуль кабинетінің әлеуметтік заң шығару саласындағы жетістігі:

- A) 9 жасқа дейінгі балаларды жұмысқа алуға тыйым салынды
- B) сайлаушылардың мүліктік цензисі төмендетілді
- C) жұмысшыларға жартылай тегін медициналық көмек енгізілді
- D) 16 жасқа дейінгі балаларға күніне 6 сағаттық жұмыс күні енгізілді
- E) 8 сағаттық жұмыс күні енгізілді

41. 1891 жылы тамызда жасалған пакт

- A) Ағылшын-француз пакті
- B) Орыс-ағылшын пакті
- C) Француз-орыс пакті
- D) Италия-түрік пакті
- E) Германия-Италия пакті

42. 1899 жылы Африканы бөлісу туралы келісім жасаған мемлекеттер
- A) Италия мен Жапония
 - B) Франция мен Германия
 - C) Ресей мен Испания
 - D) Португалия мен Англия
 - E) Англия мен Франция
43. Неміс шіркеулерінде органда ойнаған ұлы композитор
- A) Д.Верди
 - B) Г.Ф.Гендель
 - C) И.С.Бах
 - D) В.А.Моцарт
 - E) Ф.Шопен
44. Францияда шексіз, абсолюттік монархия түпкілікті орнады:
- A) XVII ғасырдың бірінші жартысында
 - B) XIV ғасырдың басында
 - C) XV ғасырдың аяғында
 - D) XVII ғасырдың екінші жартысында
 - E) XVI ғасырдың басында
45. Версаль бітім шарты бойынша Саар облысын Ұлттар Лигасына берілген мерзімі
- A) 10 жыл
 - B) 20 жыл
 - C) 5 жыл
 - D) 15 жыл
 - E) 25 жыл
46. Төрттік одақ құрамына кірген мемлекеттер
- A) Германия, Австро-Венгрия, Түркия, Болгария
 - B) Англия, Германия, Ресей, Жапония
 - C) Германия, Жапония, Қытай, Түркия
 - D) Франция, Англия, Ресей, АҚШ
 - E) Болгария, Австро-Венгрия, Франция, Ресей
47. Англия мен Франция арасындағы жүз жылдық соғыс
- A) 1337-1453 жылдар
 - B) 1345-1453 жылдар
 - C) 1335-1435 жылдар
 - D) 1353-1453 жылдар
 - E) 1347-1447 жылдар

48. Германияда гестапо-саяси құпия полициясының құрылған жыл:

- A) 1931 жыл
- B) 1923 жыл
- C) 1929 жыл
- D) 1933 жыл
- E) 1925 жыл

49. Ертедегі Италиян қайта өркендеу дәуірінің мүсіншісі

- A) Донателло
- B) Сервантес
- C) Санти
- D) Рембрандт
- E) Веласкес

50. Александр Македонскийді азат етуші ретінде қарсы алып құдай деп жариялаған мемлекет

- A) Бактрия
- B) Грекия
- C) Үндістан
- D) Финикия
- E) Египет

Бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар

51. Еуразияға Үндістан плитасының ығысуы нәтижесінде түзілген тау

- A) Аппалач
- B) Гималай
- C) Атлас
- D) Кордильер
- E) Карпат
- F) Палив

52. Тұран жазығының өзендері

- A) Тентек
- B) Тобыл
- C) Талас
- D) Торғай
- E) Жайық
- F) Іле
- G) Лепсі
- H) Ырғыз

53. Мыстың таза күйіндегі басқа металдармен қорытпасы

- A) қола
- B) мельхиор
- C) жез
- D) глинозем
- E) полиметал
- F) мыс кочеданы

54. Африканың мақтадан иірілген жіптер мен тігін өнімдерін сыртқа шығаратын елдері

- A) Алжир
- B) Нигерия
- C) Ангола
- D) Тунис
- E) Марокко
- F) Египет
- G) Алжир
- H) Кения

55. Мұхит суында кездесетін тұздар

- A) кальций
- B) калий
- C) бром
- D) фосфор
- E) цинк
- F) магний

56. Моғолстан мемлекетінің алып жатқан аумағы:

- A) Мауреннахрдың оңтүстігі
- B) Сырдың орта ағысы
- C) Монғолия
- D) Оңтүстік-шығыс Қазақстан
- E) Қырғызстан аумағы
- F) Оңтүстік Қазақстан
- G) Орталық Қазақстан

57. XVIII ғ. екінші жартысындағы Кіші жүз ханы:

- A) Абылай
- B) Уәли
- C) Нұралы
- D) Әбілмәмбет
- E) Әбілхайыр
- F) Есім

58. 1824-1844 жылдары ашылған округтер

- A) Ақмола
- B) Аманқарағай
- C) Қарқаралы
- D) Семей
- E) Жайық
- F) Кокшетау

59. Патшалық Ресейдің I мемлекеттік, Думасында аграрлық мәселені көтерген депутат

- A) Байтұрсынұлы
- B) Рысқұлов
- C) Мендешов
- D) Сейфуллин
- E) Асылбеков
- F) Бірімжанов

60. 1960-жылдары КСРО-ның беделін көтерген жетістіктер
- A) Адамы бар ғарыш кемелерінің аспан әлеміне шығарылуы
 - B) Қазба байлықтарының жоғары деңгейде зерттелуі
 - C) Жердің жасанды серігінің ұшырылуы
 - D) Семей полигонының жер астына көшірілуі
 - E) Атом мұзжарғыш кемесінің жасалуы
 - F) Атом және сутек бомбыларының сынақтан өтуі
 - G) «Гүлдер», «Дос-Мұқасан» ансамбльдер өнерілерінің жетістіктері
 - H) Зауыттардың көптеп салынуы

Мәнмәтіндік тапсырмалар

1-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

XIX ғ. басына дейін негізгі энергетикалық ресурс түрі – ағаш болып келді. Содан соң оның маңызы біртіндеп төмендей бастады да, көмірді кеңінен пайдалану байқалды. Дегенмен көмірдің басымдылығы ұзаққа созылмады, себебі оның орнына мұнай мен табиғи газ игеріліп, пайдаланылды.

61. Ежелден пайдаланылатын, жергілікті маңызға осы мәнде болашағы бар балама энергия көзі

- A) су
- B) табиғи газ
- C) күн
- D) жел
- E) атом

62. XIX ғ. басына дейін негізгі энергетикалық ресурс түрі

- A) газ
- B) шымтезек
- C) көмір
- D) ағаш
- E) мұнай

63. Көмір экспорттаушы аса ірі елдер қатарына кіреді

- A) Оңтүстік Африка, Конго
- B) Аустралия, Колумбия
- C) Аргентина, Боливия
- D) Заир, Судан
- E) Мексика, Бразилия

64. Мұнай экспорттаушы елдердің ұйымы

- A) МАГАТЭ
- B) ЮНКТАД
- C) АСЕАН
- D) ОПЕК
- E) ФАО

65. Әлемде қоры өте мол отын түрлерінің бірі

- A) көмір
- B) торф
- C) ағаш
- D) газ
- E) мұнай

Мәнмәтіндік тапсырмалар

2-мәнмәтін

Бір дұрыс жауабы бар 5 тапсырма

Отырар – моңғолдардың жер қайысқан қолына бағынбай, алты ай бойы алысқан қала тұрғындары мен батыр бабаларымыздың жазықсыз төгілген қаны сіңген қала. Тек Хорезмшах көмекке жіберген уәзірі моңғолдарға сатылып, қақпаны ашқаннан кейін, қала жеңіліске ұшыраған.

Отырарда 2001-2004 жылдары ЮНЕСКО - Қазақстан –Жапония мемлекеттері шеңберінде «Ежелгі қала Отырарды қорғау және сақтау» деген халықаралық жоба іске асырылды. Сол жоба бойынша бұрын қазылған мешіт, монша, құмыра жасайтын шеберханалар, қала қабырғалары әрі қарай бұзылудан қорғалып, ерекше күтімге алынуда.

Отырар опаты:

66. Отырарды қоршауға алған Шыңғыс хан балалары

- A) Шағатай мен Төле
- B) Төле мен Үгедей
- C) Шағатай мен Үгедей
- D) Жошы мен Шағатай
- E) Үгедей мен Жошы

67. Отырар шайқасы болған жыл

- A) 1220 жыл
- B) 1215 жыл
- C) 1219 жыл
- D) 1216 жыл
- E) 1218 жыл

68. Моңғол шапқыншылығы кезіндегі Отырар қаласының билеушісі:

- A) Әбілхайыр хан
- B) Есім хан
- C) Торы хан
- D) Қайып хан
- E) Қайыр хан

69. Отырар шайқасына түрткі болған оқиға

- A) «Отырар ойпаты»
- B) «Сауда керуен қырғыны»
- C) «Отырар опаты»
- D) «Шыңғысхан опаты»
- E) «Керуен опаты»

70. Алты ай бойы қорғанған Отырар қаласының қақпасын моңғолдарға ашып беріп, опасыздық жасаған қолбасшы

- A) Мұхаммед
- B) Қараша-хажиб
- C) Қайып хан
- D) Жебе Ноян
- E) Қараша-беркі

1-БЛОК бойынша тест аяқталды.